

ОӘК 376017

ТҰЛҒАНЫҢ ОҚШАУЛАНУЫ

Исмагулова Шынар Асқарқызы

ismagulova.shynar@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 3-курс студенті,
Астана, Қазақстан

«Оқшаулану», «оңашалану» - қоғамнан оқшауланып, жалғыздыққа тап болған адамның жағдайын сипаттайтын терминдердің бірі. Адам жанының жалғыздықты қалауы, тыныштықты аңсауы қоғамда жиі кездеседі. Тіпті өмірін толықтай жалғыздықта өткізу мақсатында қоғамнан тыс жерге көшіп кетіп жатқан адамдар да аз емес. Жалғыздығымен үйлесім тауып, өзімен-өзі тілдесе алу-рухани кемелдіктің белгісі. Тарихқа үңіліп қарасақ өмірінің қалған бөлігін жалғыздықта өткізу үшін өзін қоғамнан оқшаулаған адамдардың ұзын-сонар тізбегін көреміз. Бір қызығы ондай жандар әлемге белгілі ақын-жазушылар, талантымен дараланған ақыл иелері.

Оңашалану-жалғыздық емес. Жалғыздыққа ұшыраған адам өзін-өзі жоғалтып, айналасынан жылулық іздейді. Қоршаған ортамен қарым-қатынасын жоғалту арқылы өзін өзі жеке тұлға ретінде сезіне алмайды, өзіне деген сенімін жоғалтады. Бұл эмоциялық жағдай адам басқа адамдардың тарапынан толыққанды назарға ие болмаған кезде туындайды, ол адамдармен оң эмоциялық байланысты сезінбейді. Туған-туыстарының, достарының арасында жүрсе де өзін жалғызбын деп ойлау арқылы психологиялық құлдырауға ұшырайды.

Жалпы адамды элеуметтен оқшаулау, яғни изоляциялау өз еркі немесе міндетті түрде болып екіге бөлінеді. Өз еркімен оңашалану адамның өз қалауымен қоғамнан тыс жерде өмір сүруі. Алайда, өз қалауымен қоғамнан оқшауланудың да екі түрі бар. Бірінші түрі шығармашылық жұмыспен айналысу үшін жалғыз қалып, қоғамнан тыс жерге көшіп, өзін шығармашылығына толық бағыштау мақсатында оқшауланғандар. «Жазушылық жұмыс — жеке адамның ісі және бұл істе зор табыс жалғыздықта қалған адамды ғана табады» — деді әлемге әйгілі жазушы Эрнест Хемингуэй Нобель сыйлаған алу салтанатты кешінде. Шығармашылық жұмыспен айналысу үшін жиі оқшауланып тұрған дарындар аз емес. Атақты француз жазушысы Марсель Пруст жас кезінде әдеби ортада жүруді ұнатқанымен, демікпе ауруына шалдыққан соң, өз бөлмесінен тысқа мүлде шықпаған екен. Осындай қоғамнан тыс өмір сүру салтын құп көріп, өзінің дыбыс өткізбейтін қабырғалы бөлмесінде шығармашылықпен айналысқан. Осы аралықта қазіргі таңда көпке белгілі «Баянсыз өмір ізімен» атты туындысын жазып шықты. Ал атышулы «Парфюмер» романының авторы Патрик Зюскинд жайлы мүлдем ешқандай мәлімет жоқ. Оның қоғамнан оқшауланғаны соншалық ешбір жан оның өмірі жайлы білмейді екен. Көптеген кітаптары жарық көргенімен, халық алдына шыға бермейтін жазушылардың бірі-Виктор Пелевин. Оның романдарына сұраныс өте жоғары. Ол өзінің жеке өмірін құпия ұстап, көп сұхбат бере бермейтіндіктен оны адамдар өмірде жоқ, ойдан шығарылған персонаж деп ойлайтын көрінеді. Тіпті бірнеше жазушылар бірігіп топ құрып, Виктор Пелевин деген лақап атпен кітаптарын жарыққа шығарып жүр деген де сыбыс шыққан.

Ал изоляцияланудың екінші түрі-жан қалауымен жалғыздықта қалу. Өзімен-өзі тілдесу, өз жалғыздығынан жаны жай табу арқылы рухани кемелденіп қоғамнан тыс өмір сүріп жүрген адамдарды жалғыздықта қалды дегеннен гөрі дараланды десек дұрыс болар еді. Себебі мұндай ғұламалар жалғыздықта өмір сүргенімен өздерінің жазған туындыларымен бірге қоғамнан ажырамайды. Олардың еңбектері, туындылары өздерін халықпен тікелей байланыстырады.

Сопылық жолын ұстанған Қожа Ахмет Яссауи Пайғамбар жасы алпыс үшке келген шағында құлшылық ету үшін қылуатке түскен. Қалған ғұмырын жер астында құлшылық етумен өткізген. Өзінің қылуатке түскені туралы ол:

Алпыс түн, алпыс күнде бір-бір тағам,

Таң атқанша намаз оқып бердім салам,

Жер астында корлық көрдім көп машақат,

Төсек, жастық тастан қылдым, шектім мехнат!- деп баяндайды. Қараңғы жер астында жалғыз қалып, Аллаға құлшылық еткен ғұламадан жанның тазалығын көруге болады. Ол мына өмірдегі барлық нәрседен бас тартып, өмірін құлшылық етуге арнады. Осындай

жолды ұстанған ұлы грек философы Диогенде адам баласының бұл өмірде ештеңеге мұқтаждығы жоқ деп есептеген. Түп тамырына үңілер болсақ, оңашалану осы грек философы Диогеннен бастау алады. Ол материалдық байлықтан гөрі рухани құндылықты бірінші орынға қояды. Бір күні ол жүгіріп бара жатқан тышқанды көріп: Мына Құдайдың жаратылысында ештеңе жоқ, әрі ештеңе керек емес те! Әдемі үйі, көлігі, сұлу жары жоқ болса да өмір сүріп жүр және өміріне дән риза деген екен. Тағы бірде өзеннен алақанымен су ішіп тұрған баланы көріп таңғалып, адамдардың су ішетін тостағанға да зәру емес екенін түсініп, тіпті одан да бас тартқан. Сондай-ақ Диоген ылғи да жүрген жерінен «адам» іздеп жүреді екен. Сонда ол кімді іздеді деген сұрақ туындайды. Дүние мүліктің жетегінде кетпей, өзінің бәрінен бұрын адам екенін және адам болып қалуы керек екенін білетін адамды іздеді. Диоген ешқандай байлыққа қызықпастан тақуалық өмірді таңдап, тіпті үйді де қажет етпей, бөшкеде ұйықтаған екен. Бір күні Ескендір Зұлқарнайым Диоген туралы естіп, онымен жүздескісі келіп, оған келеді де: «Қалағаныңды сұра»- дейді. Сонда Диоген: «Күнді көлегейлемей әрі тұршы, басқа ештеңенің де қажеті жоқ»- деп жауап берген екен. Қазіргі таңда психологияда «Диоген синдромы» термині қалыптақан. Өмірінің соңында оңашаланып, жалғыздықта өмір сүрген ақынның бірі-Шәкәрім. Жайлауында қысқы там қора салдырып, сол жерде жан жолдасы Әуішпен бірге тұрады. Мына өлең жолдарында ол былай деген екен:

Мен жатырмын оңаша,

Жастанғаным томаша.

Жан шыдамас мұныма,

Жалғыз Әуіш болмаса.

Алты жыл бойы Әуіш атты досымен бірге тұрып, кейін досын еліне қайтарады.

Айрылмас адал доспен қоштасар шағында ол:

Неше жыл бірге жаттың меніменен,

Ойласам, еркінді мен алдым неден?

Елге бар, рұхсат бердім ырзалықпен,

Қош, Әуіш! Айрылысам сеніменен,- деп досқа адал ниетін білдірген екен.

«Жалғыздықтан жаны жай тапқан адам- жануар немесе Құдай»,- дейді данышпан Аристотель. Ағылшын діни қызметкері, жазушы әрі ғалым Роберт Бертон де дәл Аристотельдің пікірін қайталап: «Жалғыздықты жаны сүйген адам-әулие немесе әзәзіл» деген болатын. Қоғамнан тыс қалған адам саналы түрде адам кейпінен айрылады. Олардың ойлау қабілеті төмендеп, жануарға айнала бастайды. Мысалы бәрімізге белгілі Редьярд Киплингтің Маугли атты бала туралы әңгімесін еске түсірейік. Кішкентай кезінен жануарлардың арасында өмір сүріп, қасқырдың сүтінен нәр алған бала орманды мекен етеді, адамдарға жабайы көзбен қарап, олардан аулақ болуға тырысады.

Ал енді жалғыздықтан рахат табатын адамдарды Құдайға теңеуінің терең мәні бар. «Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан»- дейді қазақ халқы. Ал бұл жерде Құдай сөзі символ ретінде беріліп тұр. Ескі заман сопыларының бірі Абұ Абдуллах аль-Хусейн ибн Мансұр аль-Халладж «мен-Құдаймын» деп айтқан сөзі үшін өртеу жазасына кесілген болатын. Бірақ, уақыт өте келе оның тура мағынада емес, символдық түрде айтқаны белгілі болды. «Жалғыздықта әркім өзінің кім екенін көреді»- дейді Шопенгауэр. Саналы түрде жалғыздықты таңдағандар – тұлғалар. Оларға оқшаулану –тоғышарлық ортадан құтылу үшін керек. Бұл – тұйықталу емес, нағыз биік үйлесім, рух тазалығы. Бұл – әлемнен қашу емес, соған аппаратын жол. Бұл – өзін-өзі танудың шарты, жетілдірудің жолы. Бұл – нағыз шығармашылық адамының болмысы, – өзінің сүйікті ісімен айналысқан адам жалғыз болмайды, оның өмірі мән-мағынаға толы. Ал, әлеуметтік, еріксіз жалғыздық езіп-жаншиды, жегі құрттай жейді, онда еш мағына жоқ. Яғни, жалғыздық адамның рухани өміріне тән нәрсе, сонымен бірге, ол әлеуметтік құбылыс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бройтман С.Н. Историческая поэтика. — М.: Издательский центр «Академия», 2004.

2. Омаров А. «Шәкәрім өмірбаяны»
3. [elana.kz>ru/жалғыздық-жаза-ма-әлде-рухани-кемел/](http://elana.kz/gu/жалғыздық-жаза-ма-әлде-рухани-кемел/)
4. Роберт С. Брамбо «Философы Древней Греции»